

"ИНАБАТ"

ҚЫЗДАР ҰЙЫМЫ

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін:
Мектеп директоры: Адилов Ш.Б.



«Инабат» қыздар үйімінің 2023-2024 оқу жылындағы
жылдық жоспары

№	Атқарылатын жұмыс	Мерзімі	Жауапты адам
1	«Инабат» қыздар үйімінің 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту, мектеп бойынша қыздар тізімін алу	Қыркүйек	Тәлімгер
2	««Қызға қырық үйден тыйым» баяндама	Қыркүйек	Психолог, тәлімгер
3	Қыз бала гигиенасымен таныстыру	Қазан	Медбике, тәлімгер
4	««Күз ханшайымы-2023»» сайыс	Қазан	Тәлімгер
5	«Тазалық саулық кепілі» қыз баланың жеке гигиенасына кеңестер беру	Қараша	Медбике, тәлімгер
6	«Зиянды әдеттерден аулақ болайық!» баяндама	Желтоқсан	Тәлімгер
7	«Қыз өссе елдің көркі» пікірталас	Қантар	Тәлімгер
8	«Шаш үлгісін жасап үйренейік» челлендж	Ақпан	Тәлімгер
9	«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі!» іс-шара	Наурыз	Тәлімгер
10	«Табигат тамашалары» көрме	Сәуір	Тәлімгер Медбике
11	Тазалық тексеру. Жылдық қорытынды есеп	Мамыр	Тәлімгер

«Инабат» қыздар үйімінің жетекшісі: Турешова Ж.А.

2023-2024 оку жылшының «Инабат» қыздар үйымының жылдық

ЕСЕБІ

Кыркүйек айында «Инабат» қыздар үйымының 2023-2024 оку жылшындағы жұмыс жоспарымен таныстырылған болатын. Жаңа оку жылшындағы қыздар тізімін күрүп, таныстырылып өтілді. Көптеген түсініктеме жұмыстары жүргізілді.

Жаңа оку жылшының жұмыс жоспарына сәйкес қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыста қыздар тізімі жасақталды, алдағы уақытта болатын жұмыс жоспарларымен таныстырылды. Әрбір жұмыс жоспарының мақсат, міндеттерімен түсіндірілді. Жиналыста қызы баласының ортада өзін-өзі ұстауы, қызы баласына тән немесе тән емес қасиеттер туралы айтылып өтілді. Жоспарға сәйкес жиналыстар, дөңгелек үстелдер мен пікірталастар болатыны туралы да айтылып, түсіндірілді.

Кыркүектің 15-ші жүлдізында «Инабат» қыздар үйымына үйымдастырылған «Қызға қырық үйден тыйым» атты баяндама өткізілген болатын. Қыздарға мәтелдің мағынасы туралы, қызы баласына тән емес заттарға тоқталып, толығымен ашылып түсіндірілді. Өмірде болып жатқан түрлі жағдайлар, бірнеше мысалдар келтірілген болатын. Жалпы қызы баласының тәрбиесі ең маңызды дүниелерлің бірі екені айтылып, теренірек түсіндірілді. Ен бастысы қызы баласы бойында имандылық, тәрбиелік, мейірімділік, тектілік, өз-өзін ортада ұстай білу керек екені айтылды. Отбасында ата-анасымен қарым-қатынасы жақсы денгейде болуы да маңызды. Әсіресе қызы баланың анасымен дос, сырлас болуы ең басты назарда болуы керек. Осы жағдайларды ескеретін болса болашағымыз да жарқын бола түседі.

Қазан айында қыздар тазалығын, қызы балаға гигиеналық тазалық туралы түсініктеме беру. Жалпы қыздарға тексеру жұмысы жүргізілді. Қызы балаларға гигиеналық тазалық және таза жұру басты міндет екені туралы түсіндірілді.

Қазан айының 27 жүлдізында «Күз ханшайымы-2023» атты сыныпаратың сайыс үйымдастырылды. Сайысқа 5-9 класстар оқушыларының қызы балалары қатысқан болатын. Сайыс 6 шарттан өткізілді. Әр кезеңде қыздарымыз өз өнерлерін көрсетіп, бақ сынаган болатын. Бас жүлде, 1 орын, 2 орын, 3 орыннан 2 қатысушы ие болды.

Қараша айының 10 жүлдізында «Тазалық – саулық кепіл!» атты қыздарға кеңестер берілді. Мақсаты: Тазалық сақтау әр адамзаттың міндеттерінің бірі екенін үғындыру. Тазалықты сақтау ең басты міндеттеріміздің бірі екенін үғындыру. Кеңестер беруді медбикемен бірге үйымдастырылды. Медбике қыздарға

гигиеналық тазалық, жалпы тазалық сақтау туралы көптеген кеңестер берген болатын.

Желтоқсан айында 13 жүлдізында «Зиянды әдеттерден аулақ болайық!» атты баяндама оку ұйымдастырылды. Мақсаты: Зиянды әдеттер адам баласына қауіп келтіретіні, аулақ болуға дағдыландыру. Қыз балаларға зиянды әдеттерден аулақ болуға, жақын болмауы туралы баяндама оқылды. Кері әсерін беріп, өздерінің денсаулықтарына зақы келетіретіні туралы айтылып түсіндірліді.

Қантар айында «Қыз өссе елдің көркі» атты пікірталас ұйымдастырылды. **Мақсаты:** қыз баласының құндылығы мен тән қаситеттері туралы мәлімет беру. Пікірталасқа 7-9 класс оқушылары арасындағы қыз балалары қатысты. Қыз баласы ата-анасының, отбасының, сондай-ақ елінің абыройы екендігін ұмытпай, әркез өзін. лайықты етіп ұстau керектігі туралы айттылды. Түрлі мысалдар келтіріліп, аңыз әңгімелер оқылды. Түрлі сұрақтар қойлылып, әр оқушы өз ойларын білдірді.

Ақпан айында қыздар ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес «Шаш үлгісін жасап үйренейік» ұйымдастырылды. **Мақсаты:** қыз балаларына түрлі шаш үлгісін жасауды көрсету, үйрету. 9 класс оқушыларының қыз балалары кіші класс қыз балаларына шаш жасау үлгілерін көрсетіп, шаштарын бірнеше өру әдісін қолдана отырып, жинақтап берген болатын. Шаш өру, шашты буып жүру ежелден келе жатқан дәстүрлеріміздің бірі. Аналарымыз бұрымды болып, шолпы, шашбау тағып, жинақы болып жүрген. Осы дәртүрді дәріпте, шашты өріп жүру күнделікті әдетке айналдыру керек екені айттылды.

Мектебімізде «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі!» атты қыздар тәрбиесінің дәстүрлі құндылықтарымен сабактастыры, қыз баланың әдептіліктің, әдеміліктің, инабаттылық пен сұлулықтың жаршысы екені айттылып, қыз баланы құрметтеп, қастерлей білуге тәрбиелу туралы сыныптан тыс іс- шара ұйымдастырылған болатын. Іс – шара басталmas бұрын қыз балаларымен психологиялық тренинг өткізілді. Қыз балаларға тән және тән емес дүниелер туралы да айттылып өтілген болатын. Қоршаған ортада өзін – өзі ұстай білу нормаларымен, қыз баласына тән емес қылықтарды болдырмау керек екенін түсіндіру.

Сәуір айында «Жаны сұлудың тәні сұлу» атты қыз балаларға дөңгелек үстел ұйымдастылды. **Мақсаты:** Тұлғаны рухани дамыту мәселелерін қалыптастыру, ізгілікке, ізеттілік, жоғары адамгершілік, үлкенге сый – құрмет қамқорлық рухында тәрбиеленген ақылды, салауаттылықты бойына сіңірген білімді болашақ азаматты тәрбиелу. Қыз балаларға өзін-өзі ортада ұстaudы, тән емес қаситтерден аулақ болуға дағдыландыру.

Сәуір айында «Табиғат тамашалары» атты 2 класс оқушылары арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар көрмеге табиғаттың тамаша

көріністерін бейнелеп алып келді. Суреттердің канықтығына, әдемілігіне қарай бағаланған болатын.

Мамыр айында жылдық қорытынды жасалып, қыздар тазалығы тексерілді.
Мақсаты: тазалық-денсаулық кепілі екенін түсіндіру. Оқушыларға әсіресе қыз балаларға тазалық сақтау ең басты қағидалардың бірі екенін түсіндіру.

Мектеп директоры: Ш.Б.Адилов

Кыздар үйымының жетекшісі: Ж.А.Турешова

